

Список литературы:

1. Большая российская энциклопедия Текст. / Гл. ред. В.А. Тишков. – М., 1994. – 456 с.
2. Балтабаев М.Х. Педагогическая культурология: учебное пособие / М. Х. Балтабаев. – Алматы : РИК, 2000. – 268 с.
3. Программа по музыке: «Елім-ай» М.Х.Балтабаев, Алматы, 1993.

МЕКТЕПТЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КЛАССИКАЛЫҚ МУЗЫКАНЫ ҚАБЫЛДАУЫ МЕН ТӘЖІРИБЕДЕ ҚОЛДАНУЫ

Ақтас Томирис

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті,
3 курс студенті

Айсина Сулушаи Темиртаевна

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті
аға оқытушы, педагогика магистрі
Қостанай қ.

Аннотация

Бұл мақалада мектеп жасындағы балалармен классикалық музыканы қолдану және қолдану аспектілері қарастырылады.

Түйінді сөздер: дидактикалық принцип, эстетикалық тәрбие, музыка терапиясы, музыкалық тәрбие.

Аннотация

В данной статье рассматриваются аспекты применения и использования классической музыки с детьми школьного возраста.

Ключевые слова: дидактический принцип, эстетическое воспитание, музыкальная терапия, музыкальное воспитание.

Abstract

This article discusses the application and use of classical music with school-age children.

Key words: didactic principle, aesthetic education, music therapy, music education.

Тәрбиенің аса маңызды құрамы – өнер. Оның ішінде өте кең, сан қырлы ұғымды қамтитын-музыкалық өнер. Қазіргі кезде музыкадан теориялық және практикалық білім беру жүйесінен біраз тәжірибе бар, солай бола тұрса да, музыка сабағын жүйелі түрде оқыту, әсіресе қазақ мектептерінде ұлттық бай музыкалық мұрамызды мол пайдаланудың жолдары аз қамтылған тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың негізгі түрі – музыка сабағы. Сондықтан да, музыка сабағына жан – жақты талдау жасап, сабақ түрлерінің әртүрлі жобасын жасап, оларды өткізудің әдіс – тәсілдерін қолданған жөн. Музыка тәрбиесі әдістемесі, педагогика ғылымының бір саласы ретінде оның заңдылықтарына, дидактикалық принциптеріне сүйенеді. Тәрбиенің басты саласының бірі – эстетикалық тәрбие. Эстетика мен музыка тәрбиесінің ортақ мәселелері, зерттеу салалары – адамды табиғат пен өмірдегі әсемдікті қабылдап, бағалауға және түсінуге тәрбиелеп оқыту.

Музыканы оқыту дегеніміз – оқытудың, оқу процесінің межелеген мақсатының жүзеге асу дәрежесі. Музыка оқыту процесінің өзіне тән функциялары бар. Олар:

- музыканы оқытудың білімділік;
- музыканы оқытудың тәрбиелік;
- музыканы оқытудың дамыту функциялары.

Музыканы оқытудың білімділік функциясы – бұл оқушыларды музыкалық ғылыми білім, іскерлік, дағдылар жүйесімен қаруландыру. Оның түпкі нәтижесі берілген білімнің іс-жүзінде саналы түрде қолданыла білуі болып саналады. Жалпыға білім беретін мектептердегі музыка пән тәрбие және оқытудың мақсаты – оқушылардың рухани өмірін байыту, музыкалық мәдениетті қалыптастыру, адамгершілік қасиеттерін жоғарғы дәрежеге, музыкалық өмірдегі құбылыстарды бақылауға дұрыс бағыт беру болып табы-

лады. Музыкалық тәрбие беру педагогика ғылымының бір саласы ретінде оның заңдылықтарына дидактикалық принциптеріне сүйенеді. Дидактикалық негізгі мәселелер оқыту процесінің заңдылығын ашу, білімнің мазмұнын анықау, оқытудың барынша тиімді әдіс тәсілдерімен ұйымдастыру түрлерін тәрбиелеу міндеттерінің оқыту процесінде қалай шешілетіндігін көрсету. [1]

«Музыка» сабағы қазіргі кезде педагогика ғылымның жетістігіне сай, түрлі методикалық жайттарымен өткізіліп, оқу сапасы артуда.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңызы:

1. «Классикалық музыка», «Мектепте классикалық музыканы қолдану» ұғымдарының мәні анықталды;

2. Музыка өнері мектеп оқушыларын патриоттық рухта тәрбиелеудің құралы ретінде негізделді;

3. Мектеп оқушыларын музыка арқылы патриоттық рухта тәрбиелеу әдістемелік нұсқаулар беріліп, сынақтан өткізілді.

Музыкалық теориялық білімді игеру, мұнсыз музыкалық іс-әрекетпен айналысуға болмайды.

Вокалдық-аспаптық орындаушылық ойнаумен, эмоциямен, қабылдаумен т.б. байланысты психикалық-физиологиялық процесс екенін еске ала отырып, ансамбльде, аспапта ойнау дағдыларымен шеберліктерін, басқа да маңызды қасиеттерді қалыптастыру.

Бүгінгі таңда музыкалық білім берудің мақсаты оқушылардың рухани, адамгершілік, эстетикалық, көркемдік мәдениетінің қалыптасуы деп түсіндіріледі. Бұл мақсат музыкалық білім берудің келесі негізгі міндеттерінің жүзеге асырылуын көздейді:

- балалардың музыкаға деген сезімін, сүйіспеншілігін ояту өнер туындыларына эмоционалды-эстетикалық сипатта баға беруін сезім мәдениетін дамыту;

- оқушыларды халықтық, классикалық, жаңа кезеңі музыкасымен, әсіресе аса бай форма мен жанрдағы музыка өнері туындыларымен таныстыру;

- өмірмен рухани байланыстағы музыка туралы білімдерді меңгерту;

- музыкалық қабілеттерін, дағды, іскерліктерін дамыту, музыкамен шұғылдану процесінде өздерінің жеке тұлға екендігін саналы түрде ұғындыру;

- тыңдаушылық және орындаушылық, музыка шығару, импровизациялау іс-әрекеттерін, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

- музыкалық – эстетикалық талғамын тәрбиелеу;

- көркемдігі жоғары музыкамен шұғылдануға деген қажеттіктерін дамыту;

- өз бетімен музыкалық білімін толықтыруға қабілеттілігін дамыту.

Мысалы, 2007 жылы медицина және музыка мектептерінің қызметкерлерінен құралған Стэнфорд зерттеушілері тәжірибе жүргізеді. Зерттеу барысында адамдардың зейін қоя білуі, есте сақтау қабілеті мен болжам жасау мүмкіндігі қарастырылады. Оны барокко музыкасын тыңдау арқылы мидың жұмысын қадағалайтын құрылғы томограф арқылы іске асырады. Зерттеу қорытындысы қандай? Мидың белсенділігі музыканың баяу аймағында, тыныштықпен астасқан тұсында арта түсетінін аңғарған. Бұл құбылыс тек Вивальдидің туындыларын тыңдаған сәтте ғана емес, Бах, Гендель мен Альбинонидің музыкаларында да байқалған. Классикалық әуендерді тыңдай отырып біз миымызды жаттықтырамыз. Оның жұмысының белсенділігін арттыра түсеміз. Әлемде музыкасыз ұлт жоқ. Музыка адамзатқа ортақ. Ең әсерлі, сиқырлы сұлу сөз де адам сезіміне музыкадай әсер ете алмайды. Шынында музыканың берер әсерін тілмен, сөзбен айтып жеткізуге болатын болса онда музыканың қажеті болмас еді. Музыканың құдіретін ұлы Абай Құнанбаев «Құлақтан кіріп бойды алар, әнді сүйсең менше сүй» – дегендей, музыканың сезім мүшелерімізге әсер етіп, бүкіл ағзамызға жағымды әсерін әсем ән мен тәтті күй арқылы әдемі суреттеп берген. Ұлы Абай музыканың құдіретін, оның емдік қасиетін сол кезде-ақ көрсете білген.

Аристотель: «Музыка – бос уақытты пайдалануға ыңғайлы дамыту үшін қажет қылады. Ол тек қосымша пайдалы пәнаретінде ғана емес, адамды тәрбиелеу жүйесіне қосылған пәнге айналды. Музыка адамды ізгілікке жетелейді, ол адам жанының адамгершілік қасиетін қалыптастыруға әсерін тигізеді».

В.А.Сухомлинский: «Музыка арқылы тәрбиелеу – бұл музыкантты тәрбиелеу емес, ең алдымен адамды тәрбиелеу» – деген. Музыка терапиясы адамның жүйке жүйесінің шаршауы мен қажуын, көңіл-күйін ретке келтіру мақсатында қолданатын психотерапиясының бір әдісі.

Адамды білімділік кезетелейді, интеллектуалдық тәрбие береді. Музыка, сурет, поэзия да өнердің басқа түрлері сияқты, адамды жігерлендіретін, рух тандыратын және босаңсытатын, ашу-ызаны қайтаратын, қатты қиналу күйінен арылтатын қасиеті бар.

Сондай-ақ классикалық музыкамен қатар музыкалық аспаптарды да қолдану арқылы тәрбие үрдісіне, адам дене мүшесіне әсер етуге болады.

- Флейта – адамның ми құрылысына (физикалық тұрғыда).
- Кларнет – оң жақ ми құрылысына (эмоционалдық, логикадан тыс қабылдау).
- Арфа – жүрек қантамырларының жұмысына көмектеседі, тыныштандырады.
- Скрипка – рухани дамуына септігін тигізеді.

Ұрмалы аспаптар – күш-қуат береді. Жоғары да көрсетілген музыкалық аспаптар мен қатар, зерттеушілер музыкалық терапияда симфониялық оркестрді қолдануды ұсынады. Симфониялық оркестрде көптеген аспаптар қолданылғандықтан, оларда мұрагерлік және жалпылама әсерін тигізеді. [2].

Қорытындылайтын болсақ, қазіргі кезде музыкалық психологияда және психотерапияда адам ағзасына оң әсер тудыратын ең тиімді әдістердің бірі болып табылады. Музыкалық тәрбиесі адам психикасына әсері жайлы айтылып жүрген көптеген көңіл аударарлық пікірлер бар. Мінездік алыптастыруға тек музыка ғана әсеретеді.

Музыка – қоғамдық сананың формасы ретінде адамдардың эмоционалдық сезіміне тікелей ықпал етуші эстетикалық тәрбие құралы. Музыкалық шығармаларды аспаптарда ойнап үйрену, орындау жеке тұлғаның эстетикалық, эмоционалды-сезімдік, құндылықты сана-сезімін дамытып, қалыптастырады, әсемдікті қабылдап, сезінуге талпындырады. Ол эстетикалық тәрбиенің басты мақсаты болып табылатын жеке тұлғаның эстетикалық талғамын, эстетикалық идеясын қалыптастырады, болмыстағы құбылыстар мен өнер туындыларындағы әсемдікті саналы түрде қабылдай білуге үйретеді және өзіндік шығарымпаздық қабілеттерін дамытады [3].

Музыкамен шұғылданды барысында еңбек тәрбиесі міндеттері жүзеге асырылып отырады. Бір жағынан, тыңдалатын музыкалық шығармаларды қабылдау, есте сақтау қабілеттері дамытылса, екінші жағынан, ән салған кездегі дауыс аппараттарының іс-қимылы немесе музыкалық-ырғақтық қозғалыстар жасау сияқты еңбек процестері жүріп жатады. Бұндай іс-әрекеттер өз кезегінде оқушылардың ынта-ықыласымен еңбектенуін, тәртіптілігін, іске деген жауапкершілікті қарым-қатынасын талап етеді, әрі тиянақтылықпен еңбек ету іскерліктерін қалыптастырады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мелдебекова У.И. Бастауыш сынып оқушыларына музыка арқылы эстетикалық тәрбие беру: дис. пед. ғыл. канд. – Түркістан, 2008. – 32 б.
2. Рысбекова Р.М. – Қазақ халық музыкасы арқылы бастауыш сынып оқушыларына патриоттық тәрбие беру. – Алматы, 2007. – 30 б.
3. Декер Фойгт Г.Г. Введение в музыкотерапию – СПб.: Питер, 2003. – 60 с.